

Статья подготовлена в рамках выполнения научного проекта по гранту AP14872088 «Национальное историознание – сердцеви́на интеллектуальной истории Казахстана 40-х – 50-х годов XX века» (2022–2024 гг.) (Комитет науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан).

Список литературы:

1. Орлов А.С. Казахский героический эпос. - М.-Л.,1945.- 146с.
2. Дружинин Н.М. Воспоминания и мысли историка. – М., 1979.- 167с.
3. Вопросы истории.- 1983. -№5.
4. РГАСПИ (Российский государственный архив социально-политической истории). - Ф.88. – Оп.1. -Д.1051. -Л.41.
5. Вопросы истории.- 1988. -№11.
6. РГАСПИ. -Ф.88. – Оп.1. -Д.1053. -Л.14.
7. Эта и другие проблемы в изучении истории Казахстана рассматриваются в статье М.Козыбаева «Свидетельства «белых пятен» // Социалистік Қазақстан. -1988. – 11 сентября (на каз.яз.).

XIX Ғ. II ЖАРТЫСЫ МЕН XX Ғ. I ЖАРТЫСЫ ӘЗЕРБАЙЖАН ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ОРНЫ

Түйте Е.Е.

*ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
филология факультетінің деканы
Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті
Қарағанды қ. Қазақстан*

Әзербайжан тілінің негізгі даму кезеңін екіге бөлуге болады. Біріншісі, ерте дәуір (XVI-XVIII ғғ.), екіншісі жаңа дәуір (XVIII ғ. бергі). Бірінші дәуірде әзербайжан тіліне араб және парсы тілдерінің әсері, олардан енген сөздер, синтаксистік құрылымдар көп болса, екінші дәуірде әзербайжан тілі дамуының ұлттық кезеңі басталды. Араб, парсы тілдерінен енген сөздерді азайтып, ғылым мен техниканың, баспасөздің дамуына байланысты әзербайжан тілі ұлттық сипатқа ие болып, бір жүйеге келтіріле бастады.

Әзербайжан тілін сөз еткенде, ең алдымен, графика мәселесін айтпай кету мүмкін емес. Олар да біз сияқты XX ғасырдың алғашқы жартысында бірнеше графиканы пайдаланды. Әзербайжандықтар 1929 жылға дейін араб жазуын, 1939 жылға дейін латын, 1939 жылдан кирилл жазуын пайдаланды, ал 1991 жылы тәуелсіздігін алғаннан бастап қайта латын жазуына көшті. Алайда латын жазуына көшу үдерісі өте баяу жүрді, екі графика қатар қолданылды, латын әліпбиіне көшуде біраз қателіктерге бой алдырды.

1929 жылға дейін әзербайжандықтар араб графикасын түрліше сипатта қолданып келді. Қазақ тіліндегідей XX ғасырдың басына дейін өзгертілмеген күйде, ал 1917 жылдан бастап жеңілдетілген нұсқада (қосымша белгілерсіз) қолдана бастады. Соңғы нұсқа А.Байтұрсынұлы жазуына өте ұқсас келді. Мұнда араб жазуы әзербайжан тілінің дыбыстық жүйесі мен құрылымына негізделіп жасалды. Төл дыбыстарды арнайы дәйекшелер арқылы таңбалады.

Алғаш рет әзербайжан жазуын реформалауды қолға алған ғалым, философ, жазушы-драматург Мырза Фатали Ахундов болды. Ол 1857 жылы араб графикасына реформа жасау жобасын ұсынды. 1863 жылы М.Ф.Ахундов Константинопольге (қазіргі Стамбул) барып реформалаған жазуын ұсынады, бірақ «Анджуман-Даниш» ғылыми қоғамы бұл жобаны қабылдамады. Бұл жоба қолдау таппағаннан кейін ғалым араб жазуынан біржола бас тартып, 1873 жылы еуропалық жазуға негізделген латын және кирилл әліпбиінің негізінде әзербайжан тілінің дыбыстық ерекшелігін бере алатын, 42 әріптен (10 дауысты,

32 дауыссыз дыбыс) тұратын жаңа алфавит құрастырды. Осының негізінде тұңғыш рет Мырза Магомет Афшар құрастырған әзербайжан тілінің грамматикалық курсы жазылды.

XX ғасыр басында әзербайжан зиялылары бірнеше мәрте латын жазуына көшу мәселесін қайта көтерді және КСРО құрамына кірген және түркітөктес елдердің алдыңғы қатарында болды. Бұл туралы М.Д.Гусейнов: «Түркі республикаларының ішінде Әзербайжан бірінші болып бұл жазуды қолданды, тәжірибесіне сүйенуіміз керек. Түркологиялық съезд осы мәселені анықтап, зерттеп шешім қабылдауы керек» - деді. Жаңа әліпбиге көшуді қолдағандар С.Г.Агамалы-оғлы, Ф.Р.Ага-Заде, Д.Мамед-Заде, Д.Мамедкулизаде, Г.Зардаби, Н.Нариманов т.б. болды. 1919 жылы Әзербайжан Демократиялық Республикасының ағарту министрлігі жанынан жаңа әліпбиді жасау комиссиясы құрылды. Ұсынылған әліпбилер азаматтық соғыс жағдайына (1917-1922 жж.) байланысты қолдау таппай, кейінге қалдырылды. Осы мәселелерге байланысты 1922 жылы Әзербайжан КСР ОСК төрағасы С.Г.Агамалы-оғлының бастамасымен латын графикасының негізінде жаңа әліпбиге көшудің жобасын қарастыратын комиссия құрылды. Жобаны әзербайжан үкіметі қолдап, бірден осының негізінде Жаңа түркі алфавиті комитеті құрылды. Осы жылы латыннегізді жаңа әліпби бекіді (ол тек 1925 жылы араб жазуымен қатар қолданысқа енді). 1922 жылы Ф.Р.Ага-Заде С.Ахунд-Заде мен М.Мамед-Задемен бірлесіп «Жаңа түркі алфавиті» атты латын графикасының негізіндегі алғашқы оқулықты (әліппе) жазып шықты. Оқулықты әзербайжандық Жаңа түркі алфавиті комитеті бекітті. Деректерге сүйенсек, аталмыш оқулық бір жылдың (1923-1924) ішінде 50 мың данамен шыққан.

С.Г.Агамалы-оғлы 1925 жылы Бакуде Жаңа әліпбидің Бүкілодақтық орталық комитетін басқарды. 1926 жылы Әзербайжанның астанасы Бакуде Бірінші Бүкілодақтық түркологиялық съез өтті. Құрылтай бағдарламасында түркі тілдеріне қатысты келесідегідей мәселелер талқыланды:

1. Түркі халқының тарихына қатысты жайттар, оның қазіргі жағдайы мен келешегі;
2. Түркі халқының мәдениетін зерттеу, оның қазіргі жағдайы мен келешегі;
3. Түркі тілдерінің моңғол, тұңғыс, угро-фин, жапон тілдерімен жақындылығы;
4. Түркі тілдерін танудың қазіргі жағдайы мен келешегі;
5. Түркі тілдерінің емлесі;
6. Терминдер жүйесі туралы;
7. Әліпби мәселесі;
8. Ана тілін үйретудің жаңа әдіс-тәсілдері;
9. Түркі әдеби тілі мәселесі және оны танудың қазіргі жағдайы мен келешегі;
10. Жаңадан құрылған түркі мекемелерінің атқаратын қызметі;
11. Өлкетану ісінің әдістері;
12. Түркі халқының мәдениетіндегі соңғы жетістіктер;
13. Ұйымдасу мәселесі.

Бұл съезге 130 делегат қатысқан, оның ішінде Әзербайжан атынан 18 адам болды. Олар: Ф.Р.Ага-Заде, С.Г.Агамалы-оғлы, Р.А.Ахундов, Н.И.Ашмарин, Г.Губайдуллин, Г.Джабиев, Х.Б.Зейналлы, А.Р.Зифельдт-Симумяги, П.А.Касимов, М.Кулиев, Д.А.Мамед-Заде, Д.М.Мамед-Заде, Г.А.Мусаев, А.Д.Пепинов, А.Султанова, Х.Ферид, Х.Ходжаев, Б.В.Чобан-Заде.

Әзербайжандық педагог, лингвист Ф.Р.Ага-Заде әзербайжан тілінің дыбыстық ерекшелігі мен емлесіне қатысты жасаған өз баяндамасында келесідегідей мәселелерді көтерді:

1. Түркі тіліндегі барлық сөздердің, соның ішінде араб тілінде қолданылатын сөздердің бір ғана емлесі болуы шарт.

2. Мәдени тілдерде қабылданған емле қағидаларының ішінде түркі тіліне ең қолайлысы фонетикалық принцип болып табылады.

3. Фонетикалық емле айтылымға негізделген; сондықтан тірі түркі тіліне жүргізілген тәжірибелерден тілдің дыбыстық құрамын, буын түрлерінің түбір негізінде, туынды

сөздердің, олардағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың қатысын, дауысты дыбыс үндестігінің рөлін және дыбыстық құрамын, түркі сөздерінің басында, ортасында және соңында дауысты және дауыссыз дыбыстардың тіркесу ерекшеліктерін анықтау қажет.

4. Барлық араб сөздері бұдан былай араб тілінің фонетикасы мен жазуына тән ерекшеліктерін жоғалтып, түркі фонетикасының негізгі талаптарына бағынады.

5. Түркі-татар әлемінде бар үш әліпбидің ішінде: ескі араб әліпбиі өзгеріссіз қалпында түркі тілінің дыбыстық жазу талаптарына сай емес; реформаланған араб әліпбиі бұл талаптарды толық қанағаттандырмайды; Әзірбайжанда қабылданған жаңа әліпби дыбыстық жазудың барлық талаптарына сәйкес келеді.

6. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа әліпбидің емле мәселесінде бір немесе басқа рөл атқаратын артықшылығы бар. Олардың арасында мыналар бар:

а) жалқы есімдер мен географиялық атауларды бас әріппен бейнелей білу;

б) жай және күрделі сөздерді топтастыру үшін қажетті барлық әріптердің бір-бірімен байланысы;

в) сөздерді бір жолдан екінші жолға көшіру үшін дұрыс буынға бөлу;

г) балалардың дұрыс оқуына да, дұрыс жазуына да ықпал ететін балаларға арналған кітаптарда дауысты дыбыстарға екпін белгісін қою.

7. Жаңа түркі әліпбиі бойынша фонетикалық емле орнатуға қажетті шарттар.

8. Түркі әдебиетіне ене бастаған еуропалық сөздер баяндамада келтірілген 9 шартты сақтай отырып, түркі тілінің фонетикасының заңдылықтарына бағынады.

9. Түркі тілінің ұтымды фонетикалық емлесін орнықтыру үшін түркі-татар аймақтарының топтық сөздіктерін жасау қажет, онда біріктірілген сөздіктер тұтас түркі-татар тілінің лексикасын да, фонетикалық жазылуын да көрсететін ортақ сөздік береді.

Түркітөктес халықтардың ғасыр басында графиканы өзгерту мәселесінде біржақты пікірдің болмағандығын білеміз. Әзербайжан, түрік, өзбек сияқты елдер латын әліпбиіне көшуді қолдаса, қазақ, татар, қырғыз, қырым татарлары араб әліпбиінде қалуды көздеді. Қазақ араб әліпбиі негізінде жасалған төте жазу немесе Байтұрсынұлы әліпбиін пайдаланды. Мұны А.Байтұрсынұлы бірнеше себеппен түсіндіреді. Соның бірі әзербайжан графикасын латынға көшірудегі қиындықтарды негізге ала отырып, былай сипаттайды: «... түрік жұртындағы қалалардың баспаханаларында өзгертпеген латын әрпі де жеткілікті күйде табылмайды. Қызылорданы былай қойып, Қазан, Уфа, Ташкент, Самарқан шәрлерінде де табылмайды. Әзербайжан латыншыларды латын әрпімен әліп-би жасап, бастырайын дегенде, ешбір шәрінде латын әрпін таба алмаған. Басқа жерден жасатып алдырғанша 5-6 ай өткен. Әріп келген соң латын әрпімен еркін тере білетін адам табылмаған. 40 кісілік курс ашқан. Көптен келе жатқан латыншалары бар, жетілген кент мәдениеті бар, өнерлі кәсібі бар әзербайжандықтар әліп-би бастыруға соншама әурешілік шексе, басқа түріктер, әсіресе біздің қазақ сияқтылары оп-оңай дайын қып ала алмас» - дейді.

Әзербайжан зиялылары мен А.Байтұрсынұлы арасында әліпбиге, терминология мәселесіне қатысты біраз айтыстар болған. Оны өз сөзінде Ақаң былай дейді: «Тілді жабайлықтан қорғайтын қағиданың арқасында біздер, қазақтар, қазіргі таңда біртұтас қазақ тіліміз бар, тіліміз халық тілі мен әдеби тілге, қарапайым халық пен зиялы қауымның диалектісіне бөлінбеген. Онсыз біздің тіліміз ежелден баспа сөзі бар басқа түркі халықтарының тілімен бірдей болып шыға келетін еді. Егер олар жазған тілде сөйлейтін болса, онда түркі тілі өте аз қалғаны сөзсіз. Әдеби тілдегі түркі элементі маған әр түрлі бөтен сөздермен ілінген, тозған, арық грамматикалық қаңқа сияқты болып көрінеді. Анадолы-түрік және әзірбайжан тілдерінен кейін ең ала-құла тіл, менің ойымша, ежелден жазба әдебиеті бар татар тілі. Меніңше, барлық түркі халықтары терминология мен әдеби тілдің дамуына қазақтың көзқарасын ұстанса, дұрыс әрекет болар еді. Осылайша, олардың әрқайсысы өз тілін жат сөздердің балластарынан босатып, жат тілдің әсерінен кірден тазартып, өз баспасөзінің туындыларын қалың бұқараға және басқа түркі халықтарына қолжетімді етеді.

Латын әліпбиін қабылдауға келсек, біз еуропалық мәдениетке қосылып жатырмыз десек, мұны тек сыртқы жағын қабылдау керек деп түсінбеу керек. Ішкі жағы болмаса, ол бос болады. Осы мысалды алайық. Әзірбайжандар мен Анадолы түріктері өз мәдениетіне, мысалы, әдебиетіне қатысты осы уақытқа дейін араб қағидасын ұстанып келді. Неге? Өйткені сыртқы түрі арабша, сондықтан араб тіліне еліктеді. Еуропа мәдениетін қабылдау үшін оны біздегідей өз зертханамызда өңдеу керек. Ыңғайлылық және бәрі де бар. Мен сізге артық ештеңе айтпаймын. Біз сіз үшін шрифтімізді өзгертпейміз». Бұған жауап ретінде әзербайжандық С.Г.Агамалы-оғлы араб әліпбиі ескірген, латын әліпбиін де өз тіліміздің ыңғайына қарай өзгертуге болады дей отырып: «Әр түрлі сапаның екі элементі бар, олардан барлығын жасауға және реформалауға болады. Демек, дүниеде, өмірде қарама-қарсы сапаның элементтері тоғысады. А.Байтұрсынның бұл жерде айтқанының бәрін өзіміз жасай аламыз. Сондықтан ғалым адамдар ойлансын деймін. Тарихта мұндай сәт болған емес және олардың ешқайсысы бір элементтен жаңа нәрселер жасауға болатынын дәлелдемейді, ғалымдар да мұны айтпайды, біз де айтпаймыз. Олай болса, жаңа әліпбиге көшуіміз керек, жолдас Байтұрсын былай дейді: Кімде ақыл бар болса, араб әліпбиімен қалады, ал кімде ақылы жоқ, бірақ сезімі бар болса, жаңа әліпбиді қабылдасын. Сізде бұл ілмектердің ілінетін әдеті бар – бұл сезім, ал ақыл бүгінгі өмірдің алға қойғанын, туған және талап етілетін нәрсені қабылдай алады» - деген пікір білдіреді.

Шындыққа көз жүгіртсек, А.Байтұрсынұлы жасаған араб графикасының негізіндегі әліпби сол кездегі түркі халықтарының ішіндегі реформаланған алфавиттің ең озық үлгісі болды. Ол қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен заңдылықтарын барынша ескеріп, ғылыми негізге сүйене отырып, ықшамдап жасайды. Мұны орыс ғалымы Е.Д.Поливанов «үздік әліпби» деп жоғары бағаласа, тілтанушы Н.Ф.Яковлев «Математическая формула построения алфавита» деген арнайы мақала жазып, 1928 жылы жариялайды. Алфавит жүйесіне К.Менгес, Б.Комри сияқты шетелдік ғалымдар да жоғары баға береді.

XX ғасырдың басында елдегі саяси жағдайлардың орын алуынан, жазу жүйесіндегі реформаларды жүзеге асырудың негізінде емле-ережелерді жасау, терминдерді бір жүйеге келтіру жұмыстары қолға алына бастады. Профессор Б.В.Чобан-Заде бұл турасында былай дейді: «Ғылыми терминология, айтқанымыздай, әр дыбыстың жеке әріпке сәйкес келуін талап ететін әліпби принципі сияқты, әр ұғымды араластырмай, жеке сөздің қарсы тұруын талап етеді. Енді біздің мектеп жүйесіне сүйене отырып, мен, өкінішке орай, тағы да негізсіз қорытынды жасаймын, бірақ бәрібір, 1-кезең мектебі үшін жергілікті жерде атқарылған жұмыстарды заңдастырып, жергілікті сөз тіркестеріне назар аудару керек. Ибрагимов Қазанда, Байтұрсын Қазақстанда, Одабаш Қырымда айтқандай, бірінші кезеңге тек жанды сөзді алға қойып, осы жергілікті терминологияны заңдастыруымыз керек. Екінші кезең мектептерінің лингвистикалық қызметкерлері үшін олардың базасы мен терминдерін сәл басқаша өзгерту керек, ал бұл жерде екінші кезең мектептерінде тілдердің топтық ерекшеліктерін алға тартамын. Мысалы, мұндай жағдайда қазақ немесе башқұрт тілдері өзара назарға алынуы керек. Өз тілінің өзбек диалектісімен байланысы туралы қазақ терминологтарын да ұмытпаған жөн; сондай ақ әзірбайжандық терминология осман терминологиясын ескеруі керек». Басқа да түркітөктес халықтар сияқты әзербайжан ғалымдары ғасыр басында тілдегі сөздерді, әсіресе, терминдерді біріздендіру мәселесіне ден қою керектігін көтере бастады және бұл мәселе Баку съезінде жан-жақты талқыланды.

Қорытындылай келгенде, XX ғасыр басындағы әзербайжан тілі мен қазақ тілінің ұқсастықтары мен ерекшеліктері төмендегідей болды:

1. Ғасыр басында екі тілге де жаңадан әліпби жасау қажет болды. Алайда жазу мәселесіне қатысты біржақты пікір болмай, әзербайжандар латын графикасы, ал А.Байтұрсынұлы араб графикасының негізінде ұлттық сипатқа ие әліпби жасады. Әзербайжандардың латын графикасын таңдауының себебі Түркиямен өзара тығыз байланыс әсер етті.

2. Терминология жасау ісінде әзербайжан және басқа да түркі елдері А.Байтұрсынұлы тәжірибесіне сүйенді.

3. Басқа түркітөктес халықтардан ерекшелігі А.Байтұрсынұлы жазуға реформа жасағанда оған үлкен дайындықпен келіп, жұмысты жүйелі түрде ұйымдастырды. Бұл туралы А.Байтұрсынұлының тілдік мұрасын зерттеуші академик Р.Сыздық: «А.Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов» жазуы дүниеге келген, екінші, сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін, «Оқу құралы» атты оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылысын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, мұны орындау үшін «Тіл-құралды» жазған, төртінші, тілді дұрыс қолдану тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін «Тіл жұмсарды» ұсынған, бесінші, сауат аштыру, қазақ тілін оқту әдістемесін жасауды міндетіне алған, ол үшін «Баяншы» мен «Әліп-би астарын» жазған» - деген дәлелді ой айтады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Первый Всесоюзный тюркологический съезд. 25 февраля – 5 марта 1926 г. Стенографический отчет. – Баку: «Нагыл Еви», 2011. – 552 с.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.
4. Каграманлы Е. Фархад Агазаде и I тюркологический съезд // Ученые записи Таврического национального университета им. В.И.Вернадского. Серия Филология. Социальные коммуникации. Том 25 (64). №2, ч. 2. 2012 г. С. 24-29.
5. Ашнин Ф.Д., Алпатов В.М., Насилов Д.М. Репрессированная тюркология. – М.: «Восточная литература» РАН, 2002.
6. Шахбазов Т. О роли азербайджанского языка в быту и культуре кавказских народов XIX века // Крымское историческое обозрение. №1, 2016. – С. 159-170.

ТАРИХНАМА ЗИЯТКЕРЛІК ТАРИХ РЕТІНДЕ

Шінәлі Ж.Б.

*7M01601-«Тарих» магистранты
Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

«Тарихнама» ұғымының полисемантизмі объектінің берілген тақырып аясында нақтылануын білдіреді, тарихи білім тарихы, тарих ғылымының тарихы қозғалады. Бұл координаттар жүйесінде тарихнаманы кеңістіктік-уақыттық жүйелердегі және субъективті-тұлғалық қабылдаулардағы тарихи өткенді түсіну үдерісін зерттейтін интеллектуалды тарих ретінде орналастыру ұсынылады: тұлғалар, оларды зерттеу пәні, технологиялары, ғылыми құралдары [1]. Тарих ғылымының тарихындағы қазіргі сапалық зерттеулер күрделі, жүйелі, сабақтас ғылымдардың мүмкіндіктерін синтездейтін пәнаралық көзқарасқа негізделген.

Зияткерлік тарих-әртүрлі идеяларды жасаған, талқылаған және насихаттаған зиялылардың тарихы. Философияның таза тарихынан және онымен тығыз байланысты идеялар тарихынан айырмашылығы, зияткерлік тарих-идеяларды тасымалдаушылардың мәдениеті, өмірбаяны және әлеуметтік-мәдени ортасы арқылы зерттейді. Интеллектуалдық тарих аясында орындалатын тарихнамалық сипаттағы еңбек бір мезгілде әртүрлі деңгейдегі байланыстарға түсіп, қарым-қатынас тәжірибесінің алуан